# "Қан мен оның компоненттерінің донорлығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 2 қыркүйектегі N 242-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қан мен оның компоненттерінің донорлығы туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі:

1) Тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) "Қан мен оның компоненттерінің донорлығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қажетті бұйрықтарды қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 2 қыркүйектегі
N 242-ө өкімімен
бекітілген

**"Қан мен оның компоненттерінің донорлығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

| Р/с N | Нормативтік құқықтық кесімнің атауы | Кесімнің нысаны | Әзірлеу және енгізу мерзімдері | Орындауға жауапты мемлекеттік орган |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Донорлық қан мен оның компоненттері-нің қан препаратта-рын Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге | Қазақстан Республи-касы | 2005 жылғы қыркүйек | Қазақстан Республи-касы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | әкетуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы | Үкіметі-нің қаулысы | | Денсаулық сақтау министрлігі |
| 2 | Қан мен оның компоненттерінің донорларын көтермелеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы | Денсаулық сақтау саласын-дағы уәкілетті органның бұйрығы (бұдан әрі - уәкілетті органның бұйрығы) | 2005 жылғы қыркүйек | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 3 | Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда қан мен оның компоненттерін, қан препараттарын, консервациялау құралдарын дайындау, қайта өңдеу, сақтау, іске асыру ережесін бекіту туралы | Уәкілетті органның бұйрығы | 2005 жылғы қыркүйек | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 4 | Денсаулық сақтау ұйымдарында қан мен оның компоненттерін қан препараттарын сақтау, құю ережесін бекіту туралы | Уәкілетті органның бұйрығы | 2005 жылғы қыркүйек | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 5 | Донорды медициналық тексеру ережесін бекіту туралы | Уәкілетті органның бұйрығы | 2005 жылғы қыркүйек | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 6 | Қан мен оның компоненттерінің, қан препараттары-ның, консервациялау құралдарының қауіпсіздігі мен сапасы жөніндегі талаптардың тізбесін және | Уәкілетті органның бұйрығы | 2005 жылғы қыркүйек | Қазақстан Республи-касы Денсаулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы | | | сақтау министрлігі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК